

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

3. Кленин И.Д. Лексикология китайского языка. Учебное пособие. – М.:Восточная книга, 2007. – 153с.

ӘОЖ 82.091

ТАҢ ДӘУІРІНДЕГІ ТАРИХ ПЕН ПОЭЗИЯНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Жуасова Асем Нурбаевна

asema.nurbaevna@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Шетел филологиясы: қытай тілі» мамандығының
студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Тойбол Қарақат

Қытай ғалымдары атап көрсеткен өлең-жырлардың кең тараған түрлері орта ғасырларда Қытай жерінде «Тан дай бяньсай ши» деген атпен таралды. «Бяньсай ши» өлеңдері Хан дәуірінде жазыла бастағанымен, тек Таң дәуірінде кеңінен тарала бастады. Бұл екі дәуір Хань дәуірінде Қытай мемлекетімен көршілес жатқан Сюнну ірі державасымен және төрт ғасыр өткеннен кейін – Түрік, Түргеш, Ұйғыр, Қырғыз қағанаттарымен көршілес жатқандығымен атақты болды. Шекаралық өлеңдер көбінесе Юэфу-дан (乐府) жинақталып алынған танымал өлең әуендеріне жазылған [1, 5-12]. Қытай ақындарының ойынша, император өзінің қоластындағыларының көңіл-күйін және арман-тілектерін өлең жолдары арқылы түсінген, яғни өлең патша мен халық арасындағы байланыс көпірі болған. Атақты философ Конфуций 305 өлеңнен тұратын «Жырнама» атты канондық жинағын жарыққа шығарғаннан кейін ғана бұл машық кең тарау алды. Қытай тарихшысы Сыма Цянь ерте кезеңдегі «ши» жанрындағы өлеңдер 3000 жылдан аса танымал болғанын және де Конфуцийдің «жарамсыз» деп таныған өлеңдерді алып тастап, тек қана «ли» және «и» ережесіне сәйкес келетін өлеңдерді ғана қалдырғанын философтың өмірбаянында атап өтті.

Таң дәуірінің ақындары өздерінің қоғамдағы рөлі мен поэзиясының әлеуметтік мағынасын терең түсінген. Көптеген ақындар мемлекетке қызмет еткен. Мемлекеттік қызметке орналасу үшін олар мемлекеттік емтихан тапсырып, «цзиньши» ғылыми дәрежесіне қол жеткізген. Ақындардың алдында Шығыс және Орта Азияның отырықшы-көшпелі халықтарының өзіндік бір әлемі ашылды. Ақындар өздерінің ұйқасты өлең жолдарында қоғамдағы ащы шындықты, патшалықтың көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасын, соғыстың ауыр зардаптарынан азап шеккен қарапайым халықтың қуанышы мен қайғысын бейнелеген.

Қытай шекарасы бірнеше мың шақырым аумақты алып жатыр; құрлық және теңіз болып бөлінеді. Шекара өлеңдері әсіресе тибет, протоиран, түрік және моңғол халықтары аралас тұратын солтүстік, солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс шекараларында танымал болған.

Сондықтан Таң дәуірінің өлеңдерінде түріктер (батыс және шығыс), теле, түргеш, ұйғыр, қырғыз және олардың әр түрлі ұрпақтары, сонымен қатар кидань, туфань, туба халықтары жайлы жиі айтылған. Олар Қытайда өмір сүріп, шаруашылықпен айналысса да, бірақ поэзияда олар бәрібір де жатжерліктер болып аталады.

Таң династиясы Орталық Азия халықтарымен саяси, әскери және мәдени байланыста болды. Түрік халықтарының елшілері мен саудагерлері Қытайға жиі келіп тұратын. Олардың келуінің өзіндік себептері болды, яғни, саяси байланыс және сауда қарым-қатынасын орнату әрі оны нығайту [2].

Тарихқа сүйенетін болсақ, 620, 622 жылдары түріктер Қытайға ат айдап, бұлғынның бағалы терісін әкелетін болған. Бұл Батыс-Түрік қағанатының гүлдену кезі еді. Сол кездері Шығыс-Түрік қағанаты Таң династиясының мықты қарсыласы болатын, бірақ ішкі қарама-қайшылықтардың Ли Шиминь оларды басып алды. 630 жылы түріктер Ли Шиминьді «аспан қағаны» деп атады, бұл атақты тан дәуірінің публицист ғалымы Лю Цзунъюанның өлеңдерінде айтылған. Сонымен бірге түріктер мен туюйхунь әскерлерін жеңген атақты

әскербасы Ли Цзинді арнап мадақ жырлар жазған. Мысалы, «Ли Цзиннің Батыс теңізінде туюйханды жеңуі, 10-шы өлең» [3, 278-279]; «Ли Цзиннің Гаочанды жоюы. 11-і өлең» [4, 280]. Лю Цзунъюаньның айт кететін болсам, оның өлеңдері салтанаттық және жеңіс өлеңдері жанрында жазылған (Тан сяо гэ гу чуй цюй), осы өлеңдер Музыкалық палатамен жинақталған. Лю Цзунъюань өлеңдерінің тілі оңай әрі түсінікті. «Тан поэзиясының антологиясында» оның 162 өлеңі туралы айтылған.

Таң династиясының астанасы Сиань қаласында ұйғырлардың, түріктердің, соғдылықтардың көптеген орамдары пайда болды. Ұйғырлардың паракорлығы мен өсімқорлығы ханьдықтардың ашу-ызасын келтірді. Таң дәуірі ақындарының, новеллистерінің және суретшілерінің еңбектерінен ұйғырлардың қаншалықты керемет өмір сүргенін көре аламыз. Көшелерінен аңшылар өздерінің бүркіттерімен, ал әйелдер ашық түрде жігіттерімен қаланың сыртына серуендеуге кеткен (айта кететін жайт, қытай қыздары әрқашан беттерін жауып жүрген). Көшелерінен әрқашан қуырылған еттің иісі шығатын: «Мясо пестрой коровы шипит над огнем, приготовлен дикий верблюд» (Ду Фу) [5, 204].

Таң династиясының территориясы көршілес мемлекеттерді жаулауы негізінде ұлғайтылды. Оның саясаты солтүстік халықтарына қарсы бағытталды. Олар бекіністер салды, пошталарды және белгілі бір қашықтықта орналасқан белгі беретін мұнаралар құрды. Яғни жау жақындағанда от жағылып, одан шыққан түтін белгі ретінде басқа мұнараларға көрінген. Ақындар ханьдықтардың осындай белгіні көрген кездегі ішкі сезімдерін суреттеп жазған:

Взбираюсь на башню средь белого дня

Не видно ли на вышках сигнала огня. (Ли Ци, ТБШ, 1990, 90. Пер. К. Хафизовой)

Көршілес мемлекеттермен болған қарым-қатынастарды тарих беттерінен оқи отырып, ақындар ежелгі қытайдың әскербасыларын еске алған, әсіресе хань дәуіріндегі атақты қолбасшылар. Ақындар олардың отансүйгіштігін, батылдығын, қайсарлығын және жауынгерлік ерліктерін қайта жаңғыртқан. Әсіресе осы батырлар өз заманында дұрыс бағаланбағанын айт отырып, Таң императорларының өз батырларына жақсы қарауына меңзеп отырды.

Қытай ғалымдары осы шекара өлеңдеріне арналған бірнеше конференция өткізді және түсіндірмесі бар арнайы шығарылым жасады [6]. Солтүстік-Батыс педагогикалық университетінің (Ланьчжоу, Ганьсу) профессоры Ху Дацюань өз баяндамасында шекара өлеңдерінің қазіргі ұрпаққа патриоттық тәлім-тәрбие беруде үлесі зор деп айтқан болатын. Поэзияда патриоттық тақырып бар, бірақ ол өзгеше тілмен жеткізілген. Осы уақытқа дейін үш мыңнан астам ақындардың есімі жеткен, ақынның бір өлеңі немесе мыңдаған өлеңдері поэзия тарихында орын алған. ТБШ жинағында Таң дәуірінің ерте, орта және кейінгі кезеңдеріндегі 147 ақынның өлеңдері енгізілген. Бұл өлеңдерде соғыстың халыққа тигізген ауыр зардаптары, ауылдар мен қалалардың кедейленуі, жесірлер әйелдер мен балалардың қайғысы; жаралылар мен тұтқынға түскендер туралы, шекарадағы ауыр қызмет аса шебер суреттелген. Жинақты шығарушылар оған Бо Цзюйидің шаруалар отбасынан шыққан бір жауынгердің өз қолын таспен мығжалап, үйіне тірі қайтқаны туралы өлеңін қосқан [7]. Хань дәуірінде танымал болған «Ұлы қорған жанында атты суғару» атты өлеңінің көптеген нұсқасы жазылған. Өлеңде жас әйелдің күйеуін соғысқа жібергеннен кейінгі адам төзгісіз қиындыққа душар болуы баяндалған. Кейін басқа нұсқаларында отбасынан, туған жерінен, достарынан айырылған жауынгер мен қолбасшының, шаруа мен шенеуніктің мұң-қайғысы суреттелген. Бара бара өлеңдердің мазмұны тереңдеп, жаңа сөздер мен жаңа салыстырулар пайда болған. Ақындар сонымен қатар елеусіз қалған көшпелі халықтың қуанышы мен қайғысын өте шебер жеткізген.

Таң дәуірінің ақындары шекарадағы қызмет кезіндегі қиындықтарды және табиғаттың қаһарлы ауа-райын суреттегенде қатты әсер беретін, ауыр күйзелісті шебер жеткізу үшін эпитеттер мен теңеулерді көп қолданған. Қытай поэзиясындағы табиғатты ерекше әсерлі етіп суреттеуі біз үшін өте маңызды. Жаз ортасында таулы өлкелердегі аяқ астынан қар

жаууы, ондағы үлкен әрі үлпек қарды өріктің гүлденіп жатқан кезімен салыстырады. Бұл теңеулер сөзсіз керемет әсер қалдырады.

Таң ақындары соғыс көріністері туралы сирек жазған, себебі олар халықтың қайғы-мұңын суреттегенде астарында соғыста болып жатқан жайттарды көруге болады. Және де сол халықтың жағдайын көріп отырып, қарсы жақта не болып жатқанын оқырман оңай түсіне алады. Бұл Таң ақындарының бір керемет ойлап табылған әдісі десек қателеспейміз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қытайлардың көршілері түркі тілдес халықтар болғандықтан, ақындар жиі көк аспан астында жасыл шөпке орнатылған көкпенбек киіз үйлерді [Бо Цзюйи] , ақ киізге салынған бүркіт кішкене қозғалыс болса, бейне бір ұшып кететіндей етіп шебер суреттелген [8]. Ван Вэйдің «елші қала қақпасынан шықты» атты өлеңінде тан елшісін жат жердің аспанында қиқулап ұшқан қазға теңейді, яғни қаздардың жылы жаққа ұшып өз жерімен қоштасуы жабырқау мен қайғының символы болып есептелеген. Бұл өлеңде өзге елде елшіге төнетін қауіп туралы, сонымен қатар түріктер келіссөз жүргізудің шеберлері болғандықтан, ақын елші үшін одан да қатты алаңдайды.

Таң дәуірінің ақындары Бо Цзюйи және Юань Чжэнның туындылары жастар арасында өте танымал болды. Олар әрқашан ауыздан ауызға тарап, жастардың еліктеп сондай мәнде өлең жазуына алып келді. «Таң династиясының жаңа тарихында» осы екі талантты ақындардың шығармашылығы туралы “олардың дәрекі сөздері мен әдепсіз әңгімері ауыздан ауызға тез таралды” деп жазылған.

Әскери теорияға өз үлесін қосқысы келген Ду Муды атап өтсек болады, оны атақты Ду Фудан айыра білу үшін «кішкентай Ду» деп атады. Ол 828 жылы 25 жасында «цзиньши» ғылыми атағын алды. Ду Му әскери істі және әскери өнерді терең меңгерген, «соғыс туралы талқылау», «Қорғаныс туралы талқылау» атты өлеңдер жазған. Ол әскери іс мамандары жоғары бағалаған Сунь-Цзының әскери трактатына жаңа түсіндірме жазған. Әскери іске қосқан үлесі үшін Ду Мудың өмірбаяны «Қытай таланттары» «Тан дәуірінің тарихы» атты бөлімге енгізілді [9].

Таң дәуірі ақындарының өлеңдері білімпаз ханьдықтардың бейнесін суреттеу арқылы барлық қытай қоғамының, бейбіт және соғыс кезеңдердегі көшпелі халықтармен болған қарым-қатынасты аса шеберлікпен жеткізді. Бұл өлеңдерден көшпенділердің бейнесін, олардың дәстүрлері мен ғұрыптарын, тағамдарын, наным-сенімдерін, әскери өнер мен атпен шабу өнерін, спорттық ойындарын толықтай бақылай аламыз. Таң империясындағы көшпелі өмірдің асқақтауы, тандықтардың әлемге деген көзқарасы және империяның сыртқы саясаты көптеген өлеңдерде көрініс тапқан. Таң поэзиясының түркі халықтарымен байланыс кезінде шарықтауы да кездейсоқ жайт емес. Орта Азия халықтары туралы мәліметтер көркем әдеби стильде, бейнелі әрі эмоционалды түрде нақты тарихи фактілерді растайды. Яғни, әдебиет пен тарих шындық пен қиялдың берік бірікпесі десек мүлдем қателеспейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ауэзов М. М. История и современность в казахско-китайских отношениях. «Центральная Азия и Кавказ», 1999, № 2, с. 3-13.
2. Ван Вэй. Стихотворения. Стихотворные переложения Аркадия Штейнберга. М.: «Художественная литература», 1979, с. 238.
3. Ду Фу. Стихотворения. Пер. с кит. А. Гитовича. М.-Л.: Госиздат художественной литературы. 1962, с. 276.
4. Китайская классическая поэзия (эпоха Тан). Пер. с кит. М.: Гос. издательство художественной литературы. 1956, с. 431.
5. Китайская поэзия. Переводы Леонида Черкасского. М.: «Наука» ГРВЛ. 1982, с. 240.
6. Сиюй тунши (История Западного края). Отв. ред. Юй Тайшань. Чэнчжоу: Чжунчжоу гуцзи чубаньшэ. 1996, с. 515 + карты.
7. Тан дай бяньсай ши сюань чжу (Танские песни с комментариями. Избранное). Отв. ред. Ху Дацюань. Ланьчжоу: Ганьсу цзяюй чубаньшэ. 1990, с. 427.

8. Тан дай бяньсай ши яньцзю луньвэнь сюаньши. Чжунго Тандай вэньсюэ сюэхуэй ди эрцзе няньхуэй (Танские пограничные песни. Материалы второй научной конференции Китайской ассоциации литературы). Ланьчжоу: Ганьсу шэн цзяюй чубаньшэ, 1987, с. 362.
9. Фицджеральд С. Ц. Китай. Краткая история культуры. СПб: «Евразия». 1998, с. 456 + илл.
10. Шефер Э. Золотые персики Самарканда. М.: «Наука», Гл. редакция восточной литературы. 1981, с. 608.

ӘОЖ: 811.581'373.43

ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ НЕОЛОГИЗМДЕР

Исаев Әбілхан Үкібайұлы

abilkhan.kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті Қытай филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан

Кез келген тіл үнемі жаңарып әрі дамып отырады, тілдің әсіресе ең серпінді өзгеріске ұшырайтын бөлігі болып лексика табылады. Тілдік сөздік қор мәдени, әлеуметтік, экономикалық және т.б. өмірдің салаларында орын алып жатырған өзгерістерге өте сезімтал. Тіл дамуының бірден-бір себебі болып қоғамда орын алып жатырған өзгерістер болып табылады. Тіл өзгеріске ұшырап отырғанымен де, тілдегі ең айқын деген өзгерістер қиын-қыстаулы кезеңдерде орын алады. Қытай елінде XX ғасырдың соңында халық тағдыры мен ел экономикасының дамуында елеулі өзгерістер алып келген реформаларды өткізілді. Ашықтық саясаты сыртқы қатынастардың кеңеюіне, жаңа тұжырымдамалар мен сөздердің жаңа мағынасының қалыптасуына алып келді. Тілдің дамуына тек мемлекет тағдырында болып жатырған өзгерістер ғана емес, жалпы адамзат дамуында болған өзгерістер де үлкен ықпалын тигізеді. Осылайша, жаңа технологиялардың дамуымен жаңа сөздер мен терминдер қалыптасып, көп жағдайларда тілдің сөздік қорына етене сіңісіп кетеді. Мысалы, біздер үшін интернет-лексика енді таңғаларлық дүние болып есептелінбейді. Жыл сайын қытай тілінде жаңа 800-дей сөз пайда болады, олардың бірі аз уақыт қана қолданыста болып, кейін өз маңызын жойса, енді бірі бұқаралық қолданысқа мықтап енеді. Неологизмдер (新词语) – жалпы қолданыстағы сөздік қорға әлі ене қоймаған, ауызекі пайдаланылыста үйреншікті емес және сөйлеген кезде жаңашылдығы сезілетін жаңа сөздер. Неологизмдерге жоғарыда берілген анықтамадан оның жаңа сөз ретіндегі рөлі тек жаңашылдығы сезіліп жүрген кездерге дейін ғана сақталады. Күнделікті пайдаланылмаған сөздер пассивті сөздік қор болып есептеле бастайды, бірақ кейіннен жиірек қолданылып, белсенді сөздік қорға енеді.

Неологизмдердің түрлері

Жаңа лексиканың бірнеше түрлерін анықтап көрсетуге болады. Неологизмдерді жіктеудің түп негізінде оларды анықтап, баға беретін алуан түрлі критерийлер жатыр: 1) жаңа сөздердің пайда болу әдістері; 2) жаңа сөздердің пайда болу шарттары; 3) жаңа сөздердің жасалу мақсаттары. Бұл жіктеулерді анығырақ қарастырсақ:

1. Жаңа сөздердің пайда болу әдістері бойынша жіктелуі

Пайда болу әдістеріне байланысты неологизмдерді *лексикалық*, яғни өнімді үлгілер бойынша жасалынатын немесе өзге тілдерден енгізіліп, кірме сөз ретінде алынатын деп және *семантикалық*, яғни қолданыста бар сөздерге жаңа мағына үстеу арқылы пайда болатын сөздер деп бөледі. Лексикалық кірме сөздердің мысалдары: 咖啡 кофе, 可口可乐 кока-кола. Семантикалық кірме сөздердің мысалдары: 生活质量 «өмір сапасы», 维生素 витамин. Қазіргі кезде неологизмдерді жасаудың ең кең тараған әдістердің бірі – аббревиация (қысқартулар) пайдалану. Аббревиация мысалдары: RPWT (人品问题) шешілмейтін мәселе,